

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 ақпандағы N 84 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің арнайы әскерлері мен Тылы штат санының бекітілген лимиті шегінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік мекемелері құрылсын:

1) "Әскери полиция жасағы (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің күзеті)";

2) "Әскери полиция жасағы (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі объектілерінің күзеті)";

3) "Ақтөбе гарнизонының (2-разрядты) әскери полиция бөлімі";

4) "Аягөз гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі";

5) "Гвардейск гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі";

6) "Қарағанды гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі";

7) "Сарыөзек гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі";

8) "Талдықорған гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі";

9) "Тараз гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі";

10) "Өскемен гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі";

11) "Шымкент гарнизонының (1-разрядты) әскери полиция бөлімі";

12) "Қапшағай гарнизонының (2-разрядты) әскери полиция бөлімі";

13) "Үшарал гарнизонының (2-разрядты) әскери полиция бөлімі";

14) "Балқаш гарнизонының әскери полиция бөлімшесі";

15) "Ақтау гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі";

16) "Атырау гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі";

17) (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.04.27. N 332 қаулысымен)

18) "Қостанай гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі";

19) (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.04.27. N 332 қаулысымен)

20) (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.04.27. N 332 қаулысымен)

21) "Приозерск гарнизонының (2-разрядты) әскери полиция бөлімі";

22) "Орал гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі";

23) "Щучинск гарнизонының анықтау және іздестіру бөлімшесі";

24) "Әскери полиция мамандарын даярлау орталығы";

25) "1127-зат қоймасы".

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.27. N 332 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "4780-зат қоймасы" мемлекеттік мекемесі "Орталық зат қоймасы" мемлекеттік мекемесі болып қайта аталсын.

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.06.2014 № 707 қаулысымен.**

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемелердің жарғыларын бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген мемлекеттік мекеменің мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі